

## “ІнжуНұр” балабақшасы мекемесі

### Меңгеруші жапындағы жиналыс хаттамасы №1

Мерзімі: Қыркүйек

Қатысқандар: Тәрбиешілер, әдіскер, меңгеруші, мамандар

Қатыспағандар: 0

#### Күн тәртібінде:

1. Білім беру жүйесінің міндеттерімен таныстыру
2. Балабақша топтарындағы ойын, табиғат және еңбек бұрыштарының безендірілуі
3. «Күз – мереке, күз – береке» тақырыбындағы ертеңгіліктердің сценарийлері мен өткізу кестесін бекіту

#### Тыңдалды:

##### Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша басшысы Токмаханова Ж қызметкерлерді балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі міндеттерімен таныстырды. 2025–2026 оқу жылына арналған басым бағыттар атап өтілді.

##### Атап айтқанда:

Тәрбиеленушілердің ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;

Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар қауымдастығының өзара ықпалдастығын нығайту;

«Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» сияқты әлеуметтік жобаларды дамыту;

Балалар үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу;

Экологиялық білім беру мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру.

Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың басты мақсаты – жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру екендігі атап өтілді.

Балалардың мінез-құлқын, тәртіп нормаларын, ұлттық салт-дәстүр негізінде тәрбиелеу қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

##### Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер Токмаханова Ж топтардағы ойын, табиғат және еңбек бұрыштарының ұйымдастырылуы мен безендірілуіне тоқталды.

Тексеру барысында:

Табиғат бұрыштарында ауа райын күнделікті белгілейтін кестелердің бар екендігі;

Өсімдіктерді күтіп-баптауға арналған құралдардың (қопсытқыш таяқшалар және т.б.) қолданылып жүргені;

Ойын бұрыштарының қажетті ойыншықтармен жеткілікті деңгейде жабдықталғаны анықталды.

Сонымен қатар, дамытушы орта құру талаптарына сәйкес:

Үлгілік оқу бағдарламаларын (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) жүзеге асыру;

Барлық материалдар мен құралдардың балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;

Топ бөлмелері мен кабинеттердің тәрбиеленушілерге, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолжетімді болуы;

Балалардың демалуына, жеке ойнауына және эмоционалдық жай-күйін дамытуға арналған арнайы орындардың ұйымдастырылуы қамтамасыз етілуі қажеттігі айтылды.

**Үшінші мәселе бойынша:**

Балабақша басшысы Тоқмаханова Ж «Күз – мереке, күз – береке» тақырыбындағы ертеңгіліктердің сценарийлері мен өткізу кестесін талқылап, бекітті.

Ертеңгіліктерді жоғары деңгейде өткізу мақсатында:

Әр топтың дайындайтын көрмелері мен шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі қарастырылды;

Көрменің сапалы әрі мазмұнды өтуін қамтамасыз ету тәрбиешілерге жүктелді.

Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау қажеттігі атап өтілді.


### **Шешімі:**

1. 2025–2026 оқу жылына қойылған міндеттердің орындалуы қамтамасыз етілсін. Бақылау әдіскер Тоқмаханова Ж жүктелсін.


2. Оқу жылдық жоспарға сәйкес «Күз – мереке, күз – береке» ертеңгіліктері жоғары деңгейде ұйымдастырылып, белгіленген кесте бойынша өткізілсін.

3. Топтардағы дамытушы орта талапқа сай жабдықталып, үнемі жаңартылып отырсын.

Жиналыс төрайымы:

 Тоқмаханова Ж

Хатшы:

 Сарсенбаева Г

“ИжүЦүр” балабақшасы мекемесі

Менгеруші жиналысының №2 хаттамасы

Қатысқандар: Тәрбиешілер, әдіскер, менгеруші, мамандар

Қатыспағандар: 0

Мерзімі: Қараша

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Педагог қызметкерлердің жеке шығармашылық тақырыптары бойынша жұмысы
2. Балалармен жұмыс барысында санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың орындалуын қадағалау (тақырыптық тексеру қорытындысы)
3. Бала өмірін ұйымдастыру. Құнарлы тамақтану нормаларының орындалуы

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер Токмаханова Ж педагог қызметкерлердің жеке шығармашылық тақырыптары бойынша атқарған жұмыстарымен таныстырды. Атап айтқанда, тәрбиешілер Бутабекова Ж және Жапабаева С өздерінің шығармашылық ізденістері мен тәжірибелерімен бөлісті.

Тәрбиешілер өздері дайындаған көрнекілік құралдарын, дидактикалық материалдарын және слайдтық таныстырылымдарын көрсетті. Сонымен қатар, алдағы уақытта жүзеге асырылатын жұмыс жоспарларымен таныстырып, өздерінің кәсіби даму бағыттарын айқындады.

Баяндамалар барысында бала тәрбиесі – күрделі әрі жауапты, сонымен қатар қызықты да абыройлы іс екендігі атап өтілді. Шығармашылық тақырыптарға сәйкес балалардың қолымен жасалған жұмыстар көрсетіліп, олардың танымдық және шығармашылық қабілеттерінің дамып келе жатқаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша Медбике балабақшада балалармен жұмыс барысында санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың орындалуына жүргізілген тақырыптық тексерудің қорытындысымен таныстырды.

Тексеру нәтижесінде балабақшада санитарлық-гигиеналық талаптардың негізінен сақталып отырғаны анықталды. Атап айтқанда:

Жатын және ойын бөлмелерін жинастыруға арналған заттар бөлек сақталады;

Балалардың жеке бас гигиенасына ерекше көңіл бөлініп, бет сүлгілері мен бір реттік майлықтар күнделікті ауыстырылып, тазартылып отырады;

Ойыншықтар күн сайын жұмыс соңында сабынды-содалы ерітіндімен жуылады;

Жұмсақ ойыншықтар бактерицидті шамдардың көмегімен залалсыздандырылады;

Дәретхана бөлмелері (еден, есік тұтқалары, раковина, унитаз) күнделікті жылы сабынды сумен жуылып, арнайы құралдармен өңделеді;

Жалпы алғанда, балабақшада санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылып отырғаны атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша Медбике балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру мәселесіне тоқталды.

Балалардың күшшелікті тамақ рационына дәрумендерге бай тағамдарды енгізу қажеттігі айтылды. Атап айтқанда:

Тағам құрамына түрлі жеміс-жидектер мен көкөністерді көбірек қосу;

жүргені; арналған құралдардың (қопсытқ

Балаларға күнделікті балғын жемістерден компот дайындап беру;  
Пайдалы әрі жеңіл сіңетін тағам ретінде қылтықсыз балық сорпасын жиі ұсыну;  
Балалардың денсаулығын нығайтуда құнарлы әрі теңгерімді тамақтанудың маңызы зор  
екендігі ерекше атап өтілді.

**Шешімі:**

1. Педагог қызметкерлердің шығармашылық жұмыстары одан әрі жетілдіріліп, тәжірибеде жүйелі түрде қолданылсын.
2. Балабақшадағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың сақталуы қатаң бақылауға алынсын. Бақылау медбике мен әдіскер Тоқмаханова Ж жүктелсін.
3. Балалардың құнарлы және теңгерімді тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында ас мәзірі жетілдіріліп, дәрумендерге бай тағамдар үлесі арттырылсын.

Жиналыс төрайымы:  Тоқмаханова Ж

Хатшы:  Сарсенбаева Г

# “ИнжуНұр” балабақшасы мекемесі

## №3 Менгеруші жанындағы жиналыс

Наурыз -2026

**Қатысқандар:** Тәрбиешілер, әдіскер, менгеруші, мамандар  
**Қатыспағандар:** 2

### Күн тәртібі:

- 1.Ортаңғы және ересек топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығуларды және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы
- 2.«8 наурыз – Аналар күні», «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» мерекелік ертеңгіліктерінің сценарийлері мен өткізу кестесін бекіту
- 3.Оқу жылы барысында балалардың тәрбие және білім құзыреттіліктерін қалыптастыру мониторингінің нәтижелерін талқылау

### Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер Тоқмаханова Ж ортаңғы және ересек топтарда күн тәртібіне сәйкес таңғы жаттығулар мен түскі гигиеналық шаралардың орындалу деңгейіне жүргізілген бақылау нәтижелерімен таныстырды.

**Бақылау нәтижесінде:**

Таңғы жаттығулардың көпшілік топтарда күн тәртібіне сай жүйелі түрде өткізілетіні анықталды;

Балалардың қозғалыс белсенділігі орташа деңгейде екендігі байқалды;

Кейбір тәрбиешілер жаттығуларды ұйымдастыруда балалардың жас ерекшеліктерін толық ескермейтіні анықталды;

**Гигиеналық шаралар бойынша:**

Балалардың қол жуу, бет жуу, тіс тазалау дағдылары негізінен қалыптасқан;

Дегенмен, кейбір топтарда балалардың бұл әрекеттерді өз бетінше орындау дағдыларын дамыту қажет екендігі айтылды;

Жалпы алғанда, күн тәртібін сақтау жұмыстары жүргізіліп отырғанымен, оны жетілдіру бағытында қосымша жұмыстар қажет екендігі атап өтілді

**Екінші мәселе бойынша** «8 наурыз – Аналар күні» және «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» мерекелік ертеңгіліктерін ұйымдастыру мәселесі қаралды. Барлық топтар бойынша мерекелік сценарийлер алдын ала дайындалып, талқыланды. Ертеңгіліктерде балалардың жас ерекшеліктері, шығармашылық қабілеттері мен белсенділігі ескерілгені атап өтілді.

**Сонымен қатар:**

Ертеңгіліктерді өткізу кестесі бекітілді;

Сахнаны безендіру, музыкалық сүйемелдеу, ұлттық нақыштағы киімдер дайындау бойынша ұсыныстар берілді;

Әр топтың жауапкершілігі нақты бөлініп, іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыру міндеттелді;

Мерекелік іс-шаралардың тәрбиелік маңызы жоғары екендігі және балалардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететіні атап өтілді.

**Үшінші мәселе бойынша Тәрбиеші Жанобаева С**  
оқу жылы бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды.  
Мониторинг барысында балалардың келесі бағыттар бойынша құзыреттіліктері бағаланды:

Танымдық даму;

Сөйлеу қабілеті;

Әлеуметтік дағдылар;

Шығармашылық қабілеттер;

Еңбек дағдылары;

Дене тәрбиесі дайындығы;

Нәтижелер бойынша:

Ортаңғы топтарда сөйлеу және таным дағдылары орташа деңгейде екендігі анықталды;

Ересек топтарда шығармашылық және логикалық тапсырмаларды орындауда жақсы нәтижелер көрсетілген;

Сонымен қатар, қосымша жұмыс жүргізуді қажет ететін бағыттар анықталды:

Ұсақ моториканы дамыту;

Балалардың сөздік қорын байыту;

Дербестік дағдыларын қалыптастыру;

Жалпы мониторинг нәтижелері балалардың дамуында оң динамика бар екенін көрсеткенімен, жекелеген бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізу қажеттілігі атап өтілді

### **Шешім:**

1. Бақылау және мониторинг нәтижелері негізінде нақты ұсыныстар әзірленіп, барлық тәрбиешілерге жеткізілсін.
2. Мерекелік ертеңгіліктерге дайындық және өткізу барысы әдістемелік бақылауға алынып, олардың сапалы ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.
3. Құзыреттілік мониторингі нәтижелері бойынша әр балаға жеке дамыту жоспарлары жасалсын және жүйелі түрде жүзеге асырылсын.

Жиналыс төрайымы:  Токмаханова Ж

Хатшы:  Сарсенбаева Г